



Қазақстандағы чех іздері **Чешские следы в Казахстане**

Масариктің демократиялық қозғалысы Қазақстан аумағында өткен XX ғасырдағы әлі де жеткілікті зерттелмеген чех-қазақ тарихының беттерін жан-жақты ашып көрсететін тұңғыш әрі бірегей көрмені ұсынады. Көрменің авторы – Эрик Лукас. Ол бұл жобаны Радим Храст, Властимил Криштан, Михал Рак және Штепан Черноушек сияқты мамандармен бірлесе дайындады. Жобаға Чехия Республикасының Қорғаныс министрлігі қаржылай қолдау көрсетті.

Көрме чех және ағылшын тілдерінде дайындалып, QR-кодтар арқылы қазақ және орыс тілдеріндегі аудармалармен толықтырылған. Бұл көрме арқылы сіз Қазақстанмен арадағы қашықтыққа қарамастан ортақ тарихи тақырыптарды ғана емес, сонымен бірге жаңа әрі кейде тіпті таңғаларлық байланыстарды да таба аласыз.

23 экспозициялық панельде бірегей мұрағаттық фотосуреттер ұсынылған. Ал тоғыз тақырыптық бөлімде тың әрі көбіне күтпеген мәліметтер берілген.

Масариково демократическое движение представляет уникальную выставку — первую в своём роде, которая всесторонне освещает почти неизвестную и до сих пор малоизученную чешско-казахстанскую историю XX века, происходившую на территории современного Казахстана. Автором выставки является Эрик Лукас, подготовивший её в сотрудничестве с командой экспертов (Радим Храст, Властимил Криштан, Михал Рак и Штепан Черноушек). Проект был реализован при финансовой поддержке Министерства обороны Чешской Республики.

Выставка является двуязычной (чешско-английской) и дополнена переводами на казахский и русский языки с помощью QR-кодов. Через выставку вы сможете открыть для себя не только общие исторические темы, которые, несмотря на значительное географическое расстояние, объединяют нас с Казахстаном, но и новые, порой удивительные взаимосвязи.

На 23 выставочных панелях представлены многочисленные уникальные архивные фотографии, а в рамках девяти тематических разделов вы получите новую, зачастую неожиданную информацию.

Ұйымдастырушы / **Организатор:**



Масариктің демократиялық қозғалысы

Масариктің демократиялық қозғалысы саяси жағынан бейтарап, коммерциялық сипаттағы ұйым болып табылмайды. Оның басты мақсаты – Томаш Гарриг Масариктің мұрасын сақтау, ең алдымен оның демократиялық, гуманистік және этикалық құндылықтарын қорғау. Қозғалыс 1989 жылдың қарашасында Вацлав Гавел, Александр Дубчек және Эмиль Людвиктің бастамасымен құрылған. Көрмелер мен дәрістер ұйымдастырудан, басылымдар шығарудан бөлек, қозғалыс шетелдегі чех қауымдастықтарымен ынтымақтастық орнатып, олардың мәдени мұрасын қолдауға да ерекше көңіл бөледі.

Масариково демократическое движение

Неполитическая некоммерческая организация, занимающаяся сохранением наследия Томаша Гаррига Масарика, прежде всего его демократических, гуманистических и этических ценностей. Основана в ноябре 1989 года Вацлавом Гавелом, Александром Дубчеком и Эмилом Людвиком. Помимо выставок, лекций и публикаций движение также уделяет внимание сотрудничеству с чешскими зарубежными общинами и поддержке чешского культурного наследия за рубежом.

Жобаның демеушілері / Спонсоры проекта:



Чех Республикасы Қорғаныс министрлігі

Соғысқа дейінгі Ұлттық қорғаныс министрлігінің дәстүрлерін жалғастырушы болып табылады және әскери ардагерлерге, әскери ескерткіштерге, қаза тапқан жауынгерлердің қабірлеріне жүйелі түрде қамқорлық жасайды. Ұзақ жылдар бойы Чехословакияның әскери тарихын ел ішінде де, шетелде де сақтау бағытындағы бастамаларды қолдап келеді.

Министерство обороны Чешской Республики

Является преемником традиций довоенного Министерства национальной обороны и систематически заботится о военных ветеранах, военных памятниках и могилах павших. На протяжении долгого времени поддерживает инициативы, направленные на сохранение памяти о чехословацкой военной истории как в стране, так и за её пределами.



TATRA TRUCKS АҚ

Чехияның жүк, әскери және арнайы автомобильдерін өндіруші, Копршивнице қаласында орналасқан. Компанияның тарихы 1850 жылы Игнац Шустала атты кәсіпкердің ат жегілетін арбалар шығаратын кәсіпорын ашуынан бастау алады. 1897 жылы ол Австро-Венгриядағы алғашқы жеңіл автокөлікті (Präsident) шығарды, ал бір жылдан кейін — алғашқы жүк көлігін. Бүгінде TATRA TRUCKS ауыр жол талғамайтын жүк көліктерін өндіруге маманданған, олардың бірегей ерекшелігі — қаңқалы рама құрылымы мен қозғалтқыштардың ауа арқылы салқындатылуы. Компания өнімдері бүкіл әлем бойынша азаматтық және әскери секторларда сұранысқа ие.

TATRA TRUCKS АО

Чешский производитель грузовых, военных и специальных автомобилей, расположенный в городе Копршивнице. Компания продолжает традиции, берущие начало в 1850 году, когда Игнац Шустала основал предприятие по производству конных экипажей. В 1897 году она выпустила первый легковой автомобиль в Австро-Венгрии (Präsident), а годом позже — первый грузовик. Сегодня TATRA TRUCKS специализируется на тяжёлых внедорожных грузовиках с уникальной конструкцией хребтовой рамы и воздушным охлаждением двигателей. Продукция компании востребована как в гражданском, так и в военном секторе по всему миру.



ČEZ қоры

ČEZ қоры 2002 жылы ČEZ АҚ — Чехиялық энергетикалық зауыттар компаниясының бастамасымен құрылды. Бұл компания Чехиядағы ең ірі үш кәсіпорынның бірі болып табылады. Қор қоғамдық маңызы бар жобаларды қолдап, ČEZ тобы жұмыс істейтін өңірлердің дамуына үлес қосады. Осылайша қор ČEZ тобының «Біз жұмыс істейтін жерде көмектесеміз» ұранын жүзеге асырады — яғни жергілікті қауымдастықтар мен өңірлерді қолдайды.

Фонд ČEZ

Фонд ČEZ был основан в 2002 году компанией ČEZ AO — Чешские энергетические заводы, которая входит в тройку крупнейших компаний Чешской Республики. Фонд поддерживает общественно полезные проекты и способствует развитию регионов, где действует группа ČEZ. Таким образом фонд помогает группе ČEZ реализовывать её девиз: «Помогаем там, где действуем», — поддерживая местные сообщества и территории присутствия компании.

Чехословакия легионерлер қауымдастығы

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі чехословакия легиондарының дәстүрлерін жалғастыратын, ерікті, саяси емес бірлестік. 1921 жылы құрылған, ол ардагерлерді, легионерлердің ұрпақтарын және әскери тарих жанкүйерлерін легионерлер мұрасын сақтау мақсатында біріктіреді. Ескерткіштерге қамқорлық жасаумен, ағартушылық қызметпен және отансүйгіштік сананы қолдаумен айналысады.



Чехословацкое легионерское сообщество

Добровольное, неполитическое объединение, продолжающее традиции чехословацких легионов времён Первой мировой войны. Основано в 1921 году, объединяет ветеранов, потомков легионеров и поклонников военной истории с целью сохранения легионерского наследия. Занимается уходом за памятниками, образовательной деятельностью и поддержкой патриотического сознания.



Т. Г. Масарик атындағы Чех мәдени-ағартушылық орталығы
Астанадағы штаб-пәтері бар, шетелдегі Масариктің демократиялық қозғалысының филиалдық ұйымы болып табылады. Орталық 1991 жылы құрылған Ақтөбе облысы чехтарының жерлестік бірлестігінің қызметін жалғастырады. Оның миссиясы — тек Қазақстанда ғана емес, Орталық Азияның басқа да елдерінде тұратын отандастардың чех ұлттық бірегейлігін сақтау, сондай-ақ Чехия Республикасы мен осы отандастар тұратын елдер арасындағы мәдени байланыстарды нығайту.

Чешский культурно-просветительский центр им. Т. Г. Масарика

Является зарубежной филиальной организацией Масарикова демократического движения со штаб-квартирой в Астане. Центр продолжает деятельность земляческого объединения чехов Актюбинской области, основанного в 1991 году. Его миссия — сохранять чешскую национальную идентичность соотечественников, проживающих не только в Казахстане, но и в других странах Центральной Азии, а также укреплять культурные связи между Чешской Республикой и странами проживания этих соотечественников.